

Бекітемін: 
 ЖІНС «Кенесары 07» «Балбөбек»
 жеке балабақша меңгерушісі:
 А.К.Бисенова

2023–2024 оқу жылына арналған «Раушан» ортаңғы тобы ата-аналармен жұмыс жоспары

Мақсаты:

Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, бала тәрбиесінде бірлескен жұмысты ұйымдастыру.

Міндеттері

- * Ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттыру;
- * Баланың толыққанды дамуына жағдай жасау;
- * Отбасылық құндылықтарды насихаттау;
- * Балабақша мен отбасының серіктестігін дамыту.

Ай	Іс-шара	Жауапты
Қыркүйек	Ата-аналар жиналысы, танысу. Балабақша ережелерімен таныстыру, бірлескен жұмыс бағытын анықтау.	Тәрбиеші
Қазан	Күзгі көрме, колөнер байқауы. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту.	Тәрбиеші
Қараша	Денсаулық күні бойынша кеңес. Салауатты өмір салтын қалыптастыру.	Тәрбиеші
Желтоқсан	Жаңа жылдық ертеңгілік. Отбасылық мерекелік көңіл-күй қалыптастыру.	Тәрбиеші
Қаңтар	Ашық есік күні. Оқу-тәрбие үдерісін көрсету.	Тәрбиеші
Ақпан	«Әке – отбасы тірегі» спорттық сайыс. Салауатты өмір салтын насихаттау.	Тәрбиеші
Наурыз	Наурыз мерекелік іс-шара. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу.	Тәрбиеші
Сәуір	Ата-аналарға семинар. Тәрбие дағдыларын жетілдіру.	Тәрбиеші
Мамыр	Қорытынды ата-аналар жиналысы. Оқу жылының нәтижесін талдау.	Тәрбиеші

ЖШС «Кенесары 07» «Балбобек» жеке балабақшасы

№3 АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

(«Раушан» ортаңғы тобы)

Тәрбиеші: Амангалиева Б.А.

2023 ж

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

№ 1

Өткізілген күні: __15__ __09__ 2023 ж.

Өткізілген орны: Балабақша, __Раушан__ топ

Төраға: Тәрбиеші Амангалиева Б.А.

Хатшы: __Ержанова С.

Қатысқандар: 17

Ата-аналар – 25 __ адам

Тәрбиешілер – __2__ адам

Күн тәртібі:

Балабақшаның 2023–2024 оқу жылына арналған жұмысымен таныстыру

Балалардың күн тәртібі және тәрбие жұмысы

Ата-аналармен ынтымақтастық мәселелері

Қауіпсіздік ережелері (балаларға қатысты)

Өртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша: Тәрбиеші оқу-тәрбие жұмысының жылдық жоспарымен таныстырды.

2-мәселе бойынша: Балалардың күн тәртібі және оқу-ойын іс-әрекеттері түсіндірілді.

3-мәселе бойынша: Ата-аналармен бірлескен жұмыс түрлері қарастырылды.

4-мәселе бойынша: Қауіпсіздік ережелері түсіндірілді.

5-мәселе бойынша: Ата-аналар сұрақтар қойып, ұсыныстар айтты.

Шешім:

Ата-аналар балабақша жұмысымен бірлесе жұмыс істесін.

Балалардың қауіпсіздігіне жауапкершілік күшейтілсін.

Ай сайын ақпарат алмасу жүргізілсін.

Ата-аналар белсенді қатыссын.

Төраға: __Ихсанова З.

Хатшы: Күмісқалиева У.



ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

Күзгі көрме (қолөнер байқауы)

(«Раушан» ортаңғы тобы)

Тәрбиеші: Амангалиева Б.А.

2023 ж

КҮЗГІ КӨРМЕ (ҚОЛӨНЕР БАЙҚАУЫ)

Мақсаты:

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, күз мезгілінің ерекшеліктерін таныту, ата-аналар мен балалардың бірлескен жұмысын ұйымдастыру.

Міндеттері:

- * Балалардың қолөнерге қызығушылығын арттыру
- * Табиғи материалдарды пайдалану дағдыларын қалыптастыру
- * Эстетикалық талғамын дамыту
- * Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту

Өткізу түрі:

Көрме, байқау

Қатысушылар:

Балалар, ата-аналар, тәрбиешілер

Өткізу орны:

Балабақша (топ бөлмесі / дәліз / акт залы)

Уақыты:

(күні көрсетіледі)

Күтілетін нәтиже:

Балалардың шығармашылық жұмыстары арқылы күз туралы түсінігі кеңейеді, ата-аналармен бірлескен жұмыс жанданады.



ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

Денсаулық күні бойынша кеңес

«Салауатты өмір салтын қалыптастыру»

Тәрбиешілер: Аманғалиева Б.А

2023-2024жж

Жазғы сауықтыру іс-шарасы

«Айболит дәрігерде қонақта»

Тәрбиеші: Дәудетова Б.Т. Отебаева С.Б.

Мақсаты: Балаларды мейірімділікке, өзге адамдарға, жануарларға қамқорлық жасауға, талантандыруды жалғастыру, бір-біріне жылы лебіздерін білдіру, көңіл күйлерін көтеріңкі, қуанышты болуына жағдай жасау. Балаларды тазалыққа баулу және салауатты өмір салтын ұстануға дағдыландыру.

- **Тәрбиеші:** Балалар денсаулық тазалық кепілі, біздің тазалығымызға және деніміздің сау болуына, ауырмау үшін не істеуіміз керек? Балалар хормен жылы кейінгі керек, суық су ішпеу керек

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар, денсаулықты сақтау үшін көптеген ережелерді біледі екенсіңдер.

Енді біз ауырып қалғанда кімді шақырамыз? Дәрігерді

Арамызда ауырып отырғандарын барма? жоқ

Тәрбиеші: Бізге біреу есік қағып жатыр-ау деймін. Бұл кім екен? Дәрігер

Тәрбиеші: Дәрігер Айболитпа, кіріңіз мейірімді дәрігер, біз сізді асыға күтудеміз. Балалар бізге қонаққа дәрігер Айболит келді. Ормандағы ауырып қалған аңдары емден енді бізбен танысуға және денсаулығымызды қарауға келген екен.

Айболит: Саламатсыздарма балалалар. Мен сендерге қонаққа келдим, мен аңдарды емден, енді сендердің денсаулықтарыңды тексеруге келдім. Қазір мен сендердің күлімдеген көздеріңді, қызғылт түсті бетеріңді және әдемі күлкілеріңді, тістеріңді қарағым келіп тұр.

Балалар сендер тістеріңді тазалайсындарма? Иә

Жуынғанды дақсы көресіңдерма? Иә

Тәрбиеші: Енді осы ережелерді ұстануда бізге қандай құралдар көмектеседі. Қанекі балалар көркем сөздер айтып көрейік.

Су: Сылдырайың мөңдір-су. Айгөркем

Мөңдір-суға қолды жу.

Тазалықтың досы –

Су дегені осы.

Сабын: Сабындаған кезінде Ералы

Ашытады көзіңді,

Бола білсең төзімді,

Тап-таза етер өзіңді.

Тазалықтың досы –

Сабын деген осы.

Сүлгі: Ақ мамықтай түгі бар, Айда
Қызыл-жасыл түрі бар.
Жұмсақтығы мақтадай,
Сүртінесің жалықпай.
Тазалықтың досы –
Сүлгі деген осы.

Тіс щеткасы: Тасытқан соң күшімді, Ильдар
Шынығуды бітіріп.
Тазалаймын тісімді,
Жуынамын күтініп

Тәрбиеші: Балалар, біз тазалықтың достарымен таныстық. Бізге су, сабын, сүлгі, тіс пастасы, щеткасы өте керек екен, біз олармен қалай тазалануды білеміз.

Сергіту сәті

Орнымыздан тұрамыз,
Мойнымызды бұрамыз.
Қолымызды көтеріп,
Саусақты ашып жұмамыз.
Онаң соң төмен түсіріп,
Алақанды соғамыз.

Айболит:

Аңдарға күнде нүктелі жаттығу жасаймыз, ал сіздер жасайсыздарма?
Әрине дәрігер біз күнде нүктелі жаттығулар жасаймыз.

1. Мұрын үшін саусак ұшымен айналдырайық
2. Қасымызды бармақмақпен айналдырайық
3. Құлағымызды саусак ұшымен айналдырайық
4. Маңдайымызды саусак ұшымен айналдырайық

Айболит: Жарайсындар балалар сендер жаттығуды жақсы биледі екенсіңдер.

Қане балалар енді бәріміз ойын ойнайық. Д/о «Өз орының тап».

Балалар ойын ұнады ма? Иә

Келесіде тағыда ойнаймыз. Жарайсындар балалар, мен сендерге ризамын сол үшін сендерге тәтті дәруменім бар, мен енді кетейін аңдар мені күтіп жатыр, ал сендерге айтарым, өзімізді таза ұстайық, ауырмайық, әрдайым көтеріңкі көңіл күйде болайық жақсы сау болыңыздар.

Жаттығу жасауымыз керек, жуынып жүруміз керек, тісімізді тазалап, тамақ ішер алдында қол жууымыз керек.

Дәрігерді

Балалар қуаныңдарсыз алады.

Дәрігер айболит балаларға жақындап, олардың бастарын сипалап, денсаулықтарын сұрайды.

Тісімізді таңертең және кешке тазалаймыз.
Біз таңертең және кешке жуынамыз.

Су, сабын, сүзгіш.

- Балалар ауқастық құралдары туралы көркем сөздер айтады

Балалар қолмылқын көрсетеді

Балалар ауқастық жаттығуды жасап көрсетеді.

Балалар ойындары қызығы ойнайды.

Сау болыңыз!!!



ЖШС «Кенесары 07» «Балбобек» жеке балабақшасы

Жаңа жылдық ертеңгілік

(«Раушан» ортаңғы тобы)

Тәрбиеші: Амангалиева Б.А

ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ЕРТЕҢГІЛІК СЦЕНАРИЙІ

Мақсаты:

Балалардың Жаңа жыл мерекесіне деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, мерекелік көңіл-күй сыйлау.

Қатысушылар:

Тәрбиеші, Жүргізуші, Аяз Ата, Ақшақар, балалар.

Мерекенің барысы:

Жүргізуші:

Құрметті балалар, ата-аналар! Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

1-бөлім:

Балалар мерекелік ән айтып, би билейді.

2-бөлім:

Жүргізуші қонақтарды қарсы алады, балалар өлең-такпақтарын айтады.

3-бөлім:

Аяз Ата мен Ақшақар мерекеге келеді.

Аяз Ата:

Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сендерге Жаңа жылдық сыйлықтар әкелдім!

4-бөлім:

Ойындар ұйымдастырылады:

- * Аққала құрастыру

- * «Шыршаны безендіру» ойыны

- * Қысқы эстафета

5-бөлім:

Балалар такпак айтып, ән орындайды.


6-бөлім:

Аяз Ата балаларға сыйлық таратады.

Қорытынды:

Жүргізуші:

Бүгінгі мерекеміз көңілді өтті. Барлық балаларға Жаңа жыл құтты болсын!



ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

Ашық есік күні

(«Раушан» ортаңғы тобы)

Тәрбиеші: Амангалиева Б.А.

Ашық есік күні

Ортаңғы топ

Мақсаты: Ата-аналарды балалардың оқу-тәрбие үрдісімен таныстыру, балалардың білім, білік, дағдыларын көрсету.

Іс-шаралар жоспары

1. Қонақтарды қарсы алу

Ата-аналарды қарсы алу.

Ашық есік күнінің мақсаты туралы қысқаша ақпарат.

2. Ұйымдастырылған оқу қызметі

Тіл дамыту

Сурет бойынша әңгіме құрастыру.

Жұмбақтар шешу.

Сұрақ-жауап ойыны.

Қарапайым математика негіздері

1–5 сандарын қайталау.

Заттарды санау.

Геометриялық пішіндерді ажырату.

Қоршаған ортамен таныстыру

Жыл мезгілдері туралы әңгіме.

Үй және жабайы жануарларды ажырату.

3. Сергіту сәті

Қимылды жаттығулар.

Би қимылдары.

4. Шығармашылық жұмыс

Сурет салу.

Мүсіндеу немесе жапсыру.

5. Қимылды ойын

«Кім жылдам?»

«Түсті тап»

«Допты жеткіз»

6. Қорытынды бөлім

Балалардың өнер көрсетуі (ән, тақпақ).

Ата-аналармен пікір алмасу.

Алғыс айту.

Бұл іс-шаралар балалардың танымдық, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын көрсетуге ынталандыру.



ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

**«Әке-отбасы тірегі» спорттық
сайыс**

(«Раушан» ортаңғы тобы)

Тәрбиеші: Амангалиева Б.А.

«Әке – отбасы тірегі» спорттық сайыс

Мақсаты: Әкелер мен балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Қатысушылар: Әкелер мен балалар командалары.

Сайыстың барысы

Жүргізуші сөзі

Құрметті әкелер, ата-аналар және балалар! Бүгінгі «Әке – отбасы тірегі» атты спорттық сайысымызға қош келдіңіздер! Отбасының берекесі мен тірегі болған әкелерімізге арналған бұл жарыста сіздерге сәттілік тілейміз.

Командаларды таныстыру

Команда атауы

Ұраны

Сайыс кезеңдері

1. «Жылдамдық эстафетасы»

Әке мен бала белгіленген қашықтықты жүгіріп өтіп, эстафетаны келесі қатысушыға береді.

2. «Допты жеткіз»

Қатысушылар допты кедергілер арасымен жүргізіп, мәреге жеткізеді.

3. «Мерген әке»

Әкелер белгіленген нысанаға доп лақтырады. Әр дәл тиген ұпай есептеледі.

4. «Секіргіш отбасы»

Бала мен әке бірге секіртпемен немесе белгіленген сызықтан секіріп жарысады.

5. «Кім шапшаң?»

Әке мен бала шашылған заттарды жинап, себетке салады.

6. «Арқан тарту»

Барлық командалар қатысатын қорытынды сайыс.

Музыкалық үзіліс

Балалардың такпақтары, әндері немесе биі.

Такпақ

Әкем менің тірегім,

Қамқор болған жүрегім.

Мақтан тұтам әрдайым,

Әкем менің – тірегім!

Қорытынды

Қазылар алқасы ұпайларды санап, жеңімпаздарды анықтайды.

Марапаттау:

«Ең ұйымшыл отбасы»

«Ең белсенді әке»

«Ең шапшаң команда»

«Жеңімпаз команда»

Жүргізуші:

Құрметті әкелер! Бүгінгі сайысқа белсене қатысқандарыңыз үшін алғыс білдіреміз. Отбасыларыңыз аман, дендеріңіз сау болсын! Әрқашан балаларыңыздың мақтанышы болып жүре беріңіздер!



ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

**Наурыз мерекелік іс-шара
(ұлттық құндылықты дәріптеу)**

(«Раушан» ортаңғы тобы)

Тәрбиеші: Амангалиева Б.А.

«Армысың, әз Наурыз!» ертеңгілігі.

Мақсаты:

Балаларды Наурыз мерекесінің мәнімен таныстыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, салт-дәстүрге құрмет сезімін қалыптастыру.

Безендірілуі:

Киіз үй, ұлттық ою-өрнектер, дастарқан, ұлттық бұйымдар, гүлдер мен шарлар.

Ертеңгіліктің барысы

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті қонақтар, ата-аналар және бүлдіршіндер!

Көктемнің шуақты мерекесі – әз Наурыз құтты болсын! Наурыз – жаңару мен жақсылықтың, береке мен бірліктің мерекесі.

Балалардың кіруі

Көңілді әуенмен балалар залға кіріп, орындарына тұрады.

Тақпақтар

1-бала:

Наурыз келді далама,

Наурыз келді қалама.

Қуанып қарсы аламыз,

Мерекені бәріміз.

2-бала:

Күн мен түн теңелді,

Жер шуаққа бөленді.

Наурыз келіп төріме,

Береке боп еңер ме.

3-бала:

Армысың, әз Наурыз,

Қуаныш боп кел Наурыз.

Бақ-береке әкеліп,

Шаттық сыйла, Наурыз!

Ән: «Наурыз келді»

(Балалар мерекелік ән орындайды.)

Көрініс

Залға Әже келеді.

Әже:

Сәлеметсіңдер ме, балалар! Наурыз мерекесі құтты болсын! Бұл күні адамдар бір-біріне ақ тілектер айтып, үлкендерді құрметтеген.

Балалар:
Наурыз құтты болсын!

Ұлттық ойын: «Арқан тарту»
Балалар екі топқа бөлініп, ойын ойнайды.
Ұлттық ойын: «Асық жинау»
Белгі берілгенде балалар асықтарды жылдам жинайды.

Би: «Қара жорға»
Қыздар мен ұлдар ұлттық би билейді.

Наурыз бата
Әже:
Ақ мол болсын!
Денсаулық зор болсын!
Әр шаңырақта қуаныш,
Береке мен ырыс болсын!
Балалар:
Әумин!

Қорытынды ән
Барлық балалар бірге «Наурыз» әнін орындайды.
Жүргізуші:
Құрметті қонақтар! Бүгінгі мерекемізге келгендеріңізге рақмет! Ұлыс
оң болсын, ақ мол болсын! Наурыз мерекесі құтты болсын



ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

**Тәрбие дағдыларын жетілдіру
(ата-аналарға семинар)**

(«Раушан» ортаңғы тобы)

Тәрбиеші: Амангалиева Б.А.

Ата-аналарға арналған семинар-тренинг

Тақырыбы: «Тәрбие дағдыларын жетілдіру»

Мақсаты:

Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі білімдерін кеңейту, тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Міндеттері:

Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлін түсіндіру;

Тиімді тәрбие әдістерімен таныстыру;

Баламен дұрыс қарым-қатынас орнату жолдарын үйрету;

Ата-аналардың тәжірибе алмасуына мүмкіндік жасау.

Қатысушылар:

Ата-аналар, тәрбиешілер, психолог.

Семинар барысы

I. Кіріспе бөлім

Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті ата-аналар! Бүгінгі семинарымыздың тақырыбы – «Тәрбие дағдыларын жетілдіру». Баланың тұлға болып қалыптасуында отбасының орны ерекше. Сондықтан бүгін бала тәрбиесіндегі маңызды мәселелерді бірге талқылаймыз.

II. Танысу жаттығуы

«Менің балам қандай?»

Әр ата-ана өз баласының бір жақсы қасиетін айтып таныстырады.

Мысалы:

«Менің қызым мейірімді».

«Менің ұлым жауапкершілігі жоғары».

III. Ой қозғау

«Жақсы тәрбие дегеніміз не?»

Ата-аналар өз пікірлерін ортаға салады.

Талқылау сұрақтары:

Бала тәрбиесіндегі ең маңызды құндылық қандай?

Баланы мадақтау қажет пе?

Тыйым мен түсіндірудің айырмашылығы неде?

IV. Топтық жұмыс

«Жағдаяттарды шешу»

1-жағдаят:

Бала ойыншықтарын жинағысы келмейді. Не істер едіңіз?

2-жағдаят:

Баланыз ашуланып, жылап тұр. Сіздің әрекетіңіз?

3-жағдаят:

Бала басқа балалармен ойыншық бөліспейді. Қалай түсіндіресіз?
Ата-аналар өз шешімдерін ұсынады.

V. Тренинг жаттығуы

«Балаға жылы сөз»

Әр ата-ана қағазға баласына арнап жақсы тілек немесе жылы сөз жазады.

Мысалы:

Сен ақылдысың.

Мен сені жақсы көремін.

Сенің қолыңнан бәрі келеді.

Талқылау: Балалар жылы сөзді қаншалықты жиі естиді?

VI. Пайдалы кеңестер

Баланы жиі мақтаңыз.

Баламен күн сайын сөйлесуге уақыт бөліңіз.

Өз әрекетіңізбен үлгі болыңыз.

Баланың пікірін тыңданыз.

Отбасылық дәстүрлерді қалыптастырыңыз.

Талап пен мейірімділікті қатар ұстаныңыз.

VII. Қорытынды

«Ашық микрофон»

Ата-аналар семинардан алған әсерлерімен бөліседі.

Жүргізуші:

Бала тәрбиесі – үлкен жауапкершілік пен сүйіспеншілікті талап ететін маңызды міндет. Балаға берілген жақсы тәрбие – оның болашақтағы табысты өмірінің негізі.

Рефлексия:

«Бүгін мен өзіме қандай пайдалы ой алдым?» деген сұраққа қысқаша жауап беру.

Қорытынды сөз

Бала тәрбиесінде бірлесе еңбек етіп, мейірім мен түсіністікке негізделген орта қалыптастырайық. Рақмет!



ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

№3 АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

(«Раушан» ортаңғы тобы)

Тәрбиеші: Амангалиева Б.А.

ХАТТАМА №3

Өткізілген күні: 14.02.24

Өткізілген орны: Балабақшасы

Тақырыбы: «Тәрбие дағдыларын жетілдіру» семинар-тренингі

Қатысқандар: ата-ана, тәрбиешілер, психолог

Күн тәртібі:

«Тәрбие дағдыларын жетілдіру» тақырыбындағы семинар-тренинг өткізу.

Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі туралы түсіндіру жұмыстары.

Ата-аналармен пікір алмасу және сұрақтарға жауап беру.

Тыңдалды:

Тәрбиеші ата-аналарға бала тәрбиесіндегі отбасының маңызы туралы айтып өтті. Тиімді қарым-қатынас жасау, баланы қолдау, мадақтау және оның жеке ерекшеліктерін ескеру жөнінде кеңестер берілді.

Психолог бала тәрбиесіндегі жағымды эмоционалдық ортаның маңыздылығына тоқталып, ата-аналармен тренингтік жаттығулар жүргізді.

Сөйледі:

Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, бала тәрбиесіне қатысты тәжірибелерімен бөлісті. Қойылған сұрақтарға жауаптар берілді.

Қаулы:

Бала тәрбиесінде жағымды қарым-қатынас пен ынталандыру әдістерін қолдану ұсынылсын.

Ата-аналарға баламен күнделікті сапалы қарым-қатынас жасауға көңіл бөлу тапсырылсын.

Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту жұмыстары жалғастырылсын.

Ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттыру мақсатында осындай іс-шаралар тұрақты өткізілсін.

Төраға: Д.А.Аманжол

Хатшы: Д.А.Аманжол

Қолы: Д.А.Аманжол

